



Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі



“БІЛІМ-Инновация”

Халықаралық қоғамдық қоры

Тарихи кезеңдер

1992ж 6 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы :**Бағаны еркіне жіберу**

1992 ж нарықтық жүйеге көшуге байланысты туындаған қиыншылықтар:
шаруашылықтың құлдырауы, бағаны босату

Жеке кәсіпкерлікті қорғау ,қолдау туралы заң қабылданды:**1992ж**

«Тарихи ақтаңдақтарды» әйгілеп , бұқаралық сананы көтеру мақсатында

Республика Президентінің жарлығымен 1998ж: **«Халықтар тұтастығы мен ұлттық тарих жылы»**

Қазақстанда зейнетақымен қамтамасыз ету туралы Заң күшіне енді:**1998ж**

Республиканың экономикасы дағдарыстан шығып, әлеуметтік реформаларды іске асыруға қолайлы кезең басталды: **2000 жыл**



“БІЛІМ-Инновация”
Халықаралық қоғамдық қоры

Қазақстанда нарықтық экономикаға көшудің алғашқы кезде үш кезеңі белгіленді.

Бірінші кезең — 1991—1992 жылдары

Екінші кезең — 1993—1995 жылдар аралығы

**Үшінші кезең — 1996—1998 жылдарды қамтуға тиіс
болды.**



“БІЛІМ-Инновация”

Халықаралық қоғамдық қоры

Қазақстан Республикасының Инвестиция жөнідегі комитеті 1997 жылдан 2001 жылға дейін инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мақсатында салықтық жеңілдік пен артықшылықтар беруге 345 шарт жасасты. Міне осы жасасқан шарттар бойынша негізгі капиталды құраған инвестиция көлемі 2403 млн. АҚШ долларына жетіп, 40 мың жаңа жұмыс орындары пайда болды. Жоғарыда аталған, яғни тіркелген шарттардың 244-і отандық инвесторлармен болса, 101-і шетелдік инвесторлармен жасалды.





“БІЛІМ-Инновация”

Халықаралық қоғамдық қоры

Алғашқы кезеңнің ба
рысында 1991—1992
жылдары **5000-ға жуық**
нысандар жекешелен-
дірілді, олардың қатарында
ұжымдық меншікке
берілген **470-тен** астам
кеңшар болды.





“БІЛІМ-Инновация”
Халықаралық қоғамдық қоры

**1993 ж. 15 қарашада мемлекеттің өз ақшасы –
теңге енгізілді. Сөйтіп, біз экономикалық
тәуелсіздіктің аса маңызды нышаны - ұлттық
валютамыз теңгеге ие болдық.**





Жалпы ауыл шаруашылық өнімі **1992-1998** жылдары аралығында **55 пайызға** қысқарған, астық өндіру **30 МИЛЛИОН тоннадан** 12 миллион тоннаға азайған. Аграрлық сектордың басты бір саласы – мал шаруашылығы едәуір төмендеді. Малдың саны азайып кетті.



“БІЛІМ-Инновация”

Халықаралық қоғамдық қоры

Қазақстандағы ауылды көтеру жылдары 2003-2005 жж.

Егер 1991 жылы 9,8 млн. бас ірі қара болса, 2002 жылы 4,4 млн. бас қана қалды, тиісінше қой мен ешкі 35,7 млн. бастан, 10,4 млн. басқа дейін, жылқы 1,6 млн. бастан 1,0 млн. басқа дейін азайып кетті. 2000 жылдан басталған ауыл шаруашылығындағы тың серпіліс мал шаруашылығы саласының дамуынан да көрініс тапты. Мәселен, 2000—2002 жылдары ірі қара мал 8%-ке, қой басы 9%-ке, жылқы 1%-ке, күс өсіру 25%-ке артты. Қазір республикадағы мал басының 90%-тен астамы жеке шаруа қожалықтарының қолында жинақталған.